

## №6 Хромтау гимназиясы бойынша ОЖСБ қорытындысына талдама

17.04.2018

Осы Оқу жетістіктеріне сырттай бағалау жүргізу қағидалары (бұдан әрі - Қағидалар) «Білім туралы» 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі - Заң) 5-бабының 12) тармақшасына сәйкес әзірленді және оқу жетістіктеріне сырттай бағалау (бұдан әрі - ОЖСБ) жүргізу тәртібін:

- 1) бастауыш мектепте – оқу жетістіктерін мониторингтеу мақсатында іріктеліп;
- 2) негізгі мектепте – оқу жетістіктерін мониторингтеу және оқу процесін ұйымдастырудың тиімділігін бағалау мақсатында іріктеліп;
- 3) жалпы орта мектепте – оқу жетістіктерінің деңгейін бағалау мақсатында;
- 4) жоғары білім беруде – оқыту бағыттары бойынша оқу бағдарламасын игеруді мониторингтеу мақсатында іріктеліп айқындайды.

ОЖСБ жүргізудің мақсаты білім беру қызметтерінің сапасын бағалау және «Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысымен бекітілген мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарда (бұдан әрі - МЖМС) көзделген, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің (бұдан әрі – орта білім) жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын және жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын меңгеру деңгейін айқындау болып табылады.

Тапсырмалар саны мен мазмұны, сондай-ақ тестілеуге бөлінетін сағат саны әр пән бойынша тесттің спецификациясына сәйкес айқындалады. Тест спецификациясын уәкілетті орган әзірлеп, бекітеді.

ОЖСБ-ны өткізу қағидаларының сақталуын бақылауды Білім және ғылым саласындағы бақылау комитетінің Білім саласындағы бақылау департаменттері және Министрліктен жіберілген уәкілетті өкілдер жүзеге асырады.

ОЖСБ кешенді тестілеу нысанында қағаз жеткізгіш сияқты қазіргі заманғы ақпараттық технологияларды, сондай-ақ уәкілетті орган бекіткен жазбаша тапсырмаларды қолдану арқылы өткізіледі.

Тапсырмалар жалпы білім беретін оқу бағдарламаларының негізінде әзірленеді, олардың мазмұны аталған бағдарламалардың шеңберінен шықпауы тиіс.

Гимназияда 2017-2018 оқу жылында 4 кластар *бланкілік тестілеу* арқылы, 9,11 кластар *компьютерлік онлайн тестілеу* арқылы тапсырды. Гимназияда 4а класында 24 оқушы, класс жетекшісі Суондиқова Г.Т., 4ә класында 25 оқушы, класс жетекшісі Биржанова Г.С., 4б класында 23 оқушы, класс жетекшісі Қозбағарова А.Б. Жалпы 4 кластарда 72 оқушы (оның 2 оқушысы денсаулығына байланысты босатылды), *қатысқаны 70 оқушы*. 9а класында 17 оқушы, класс жетекшісі Мырзағалиева Г.Т., 9ә класында 18 оқушы, класс жетекшісі Сагимбаева Э.Н. Жалпы 9 кластарда 35 оқушы (оның 1 оқушысы денсаулығына байланысты босатылды), *қатысқаны 34 оқушы*. 11а класында 17 оқушы, класс жетекшісі Сагимбаева А.Н., 11ә класында 18 оқушы, класс жетекшісі Абдуллина С.З. Жалпы 11 кластарда 35 оқушы, тестке *35 оқушы* толық қатысты.

Сәуір айының *11 күні* 4 кластар тапсырды. Екі пәннен, олар *әдебиеттік оқу* мен *математика* пәндері. Тестілеуге 70 минут (1 сағат 10 минут) берілді.

Сәуір айының *16 күні* 11 кластар қазақ тілі, қазақстан тарихы, алгебра пәндерінен, Тестілеуге 140 минут (2 сағат 20 минут) берілді.

*17 күні* 9 кластар қазақ тілі және алгебра, физика, химия, биология, география компьютердің таңдауы бойынша болды. Тестілеуге 130 минут (2 сағат 10 минут) берілді.

Нұсқаулық бойынша өтті.

Оқушылар белгіленген уақыт ішінде тестілеуді орындады.

Жалпы гимназия бойынша орташа балл 4 кластарда 24,13 балл , 9 кластарда 50,8 балл, 11 кластарда 69,2 балл

Ең жоғарғы балл 11 кластарда: Серикова Аида. -88 балл, Қалымбет Н.- 82 балл, Акказиева А. – 81 балл.

9 кластарда: Өтеміс Т.- 63 балл, Кадиржанов Е.- 63 балл.

9 кластарда 5 оқушы «Үздік аттестатқа» үміткер, 11 кластарда 6 оқушы «Алтын белгіге», 7 оқушы «Үздік аттестатқа» үміткер.

Пәндер бойынша білім сапасы төмендегідей:

№	Пәндер	Әдебиетті к оқу	Математика	Жалпы	Пән мұғалімдері
1	4а	12,9	11	<b>24,1</b>	Суюндықова Г.Т.
2	4ә	11,9	11,9	<b>25,1</b>	Биржанова Г.
3	4б	11,9	11	<b>22,9</b>	Қозбағарова А.
	<b>Жалпы көрсеткіш</b>		<b>24,1</b>		


9 кластарда

№	Пәндер	9а Орташа балл	9ә Орташа балл	Пән мұғалімдері
1	Қазақ тілі	15,5	14,3	Даутова Г.Ж./Керимова Г.Е.
2	Алгебра	43	31,5	Нұрлыбаева Г.Ш./Темірбаева М.Д.
3	Физика	39,7	37	Курманова К.С.
4	География	35	31	Мырзағалиева Г.Т.
5	Химия	37,5	36,2	Райымбаева М.Б./Қиятбаев Б.
6	Биология	37,2	33	Райымбаева М.Б./Құрманғазы Ә.
	жалпы	<b>53,6</b>	<b>47,6</b>	
	<b>Жалпы көрсеткіш</b>		<b>50,8</b>	


11 кластарда

№	Пәндер	11а Орташа балл	11ә Орташа балл	Пән мұғалімдері
1	Қазақ тілі	16,3	16,9	Керимова Г.Е./ Даутова Г.Ж.
2	Алгебра	21,8	20,4	Есжанова Г.Б./ Темірбаева М.Д.
3	Қазақстан тарихы	31,7	31	Тлеуова М.Ш.
	жалпы	<b>70</b>	<b>68,4</b>	
	<b>Жалпы көрсеткіш</b>		<b>69,2</b>	


4 кластар бойынша пәндердің салыстырмалы көрсеткіш мониторингі




9 кластар бойынша пәндердің салыстырмалы көрсеткіш мониторингі



11 кластар бойынша пәндердің салыстырмалы көрсеткіш мониторингі



**Жалпы гимназия бойынша ОЖСБ кезіндегі 4,9,11 кластардың орташа балл мониторингі**



Пайыздық көрсеткіш бойынша




Диаграмма бойынша кластардан берілген сұрақтар санына байланысты пайыздық көрсеткіш 4 кластарда жоғары болып отыр. Берілген 30 сұрақтың 24 алып отыр. 9 кластар берілген 75 сұрақтың 50,8 алып отыр, 11 кластар берілген 100 сұрақтың 69,2 алып отыр. Жалпы гимназия бойынша көрсеткіш нәтижесі жақсы деңгейді көрсетіп тұр. Жеке пәндерден орташа көрсеткіш көрсетіп отырған пәндер 9 кластар бойынша қазақ тілі, 11 кластар бойынша алгебра пәндері.

*Қорытынды:* Жалпы гимназия бойынша көрсеткіш нәтижесі жақсы деңгейді көрсетіп тұр.

*Ұсыныс:*

1. Пән мұғалімдеріне жіберілген қате бойынша талдау жұмыстарын жүргізу.
2. 4 кластар математика пәнінен қосымша дайындық жұмыстарын жүргізу
3. 9 кластар қазақ тілі (Керимова Г, Даутова Г.) мен география (Мырзағалиева Г.) пәндері бойынша оқушылармен келген сұрақтарды қосымша сабақтарда талдап, жеке жұмыстар жүргізу.
4. Көрсеткіші төмен Байдуллаев Е, Ташауова М. жеке жұмыстар жүргізу.

Орындаған:

Жаржанова Ж.Қ.